

Гулбахар ТОҚЫМБЕТОВА

Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті

БЕРДАҚ АҚЫННЫҢ ӨЗІНДІК ІЗДЕНИСТЕРИ

Бұл мақалада XIX ғасырдағы қарақалпақ халқының ұлы ақыны Бердақ шығармашылығының өзіндік ерекшеліктеріне ғылыми талдау жасалған.

Кілт сөздер: поэтика, дидактика, поэтикалық дәстүр, лирикалық толғаныс

Ақынның өзіндік ізденістері ұлттық негіз – халық ауызекі шығармашылығының поэтикалық дәстүрлеріне бейілдік біршама күшті.

Себебі, көркем дидактика (түсіндіру біздікі - Г.Т) халық психологиясына, менталитетіне тән нәзік бақылау әрі жанды пікірлеулерді қамтып алады. Міне, осы суреттеудің тұрмыстық қамту дәрежесінің кеңдігі ақынның поэтикалық өзіндігін көрсететін негізгі әдеби көрсеткіш есептеледі:

Шайыр едім, көзим көргенин жаздым,
Кеулим сезип, билгенин жаздым.
Заман қысметинен саргайдым, аздым.
Болар ма деп жақсы күндер халық ушын.

Автор өлең һәм ақындық хақында пікір жүргізе отырып, ақиқатты байқау әрі байқатудың негізгі өлшем дәрежесіне көтереді. Ақын енді жетіліп келе жатқан сезім толғаныстарын, сырлы әлем қарсысында пайда болған тұрмыстың қарама-қарсылықтарына қарсы қояды. Қыншылықтар құрсауында өздігін тауыш жататын, жақсы-жаманды ажыратып жатқан, құбылысты өз көзқарасымен бағалап жүретін адам портретін жасап береді. Тұрмыстық ақиқаттарды байқап отыратын лирикалық қаһарманның тілегі рухани жетіктікке жетісуге, рухани дамуға қарай бағдарланған.

Лирикалық толғаныстың көркем динамизмі сезімдік жағдайды суреттеулерден азықтанады (қоректенеді). Эйтсе де, «жарық күндер» логикалық түсіндіруі артында өкініш-арман жүті үстемдік етсе де, келешекке сенім-сезімі өлеңнің көркем өрнектерін әрекеттеге келтіріп тұрады. Оқиғалардың басымдығы һәм философиялық-психологиялық суреттеу синкретизмі негізіне құрылған қатарларда сезімдік көріністің жалғасуы назарға ілінеді.

Бердақ Қарғабайұлының қай шығармасын алып қарасақ та халықтың дидактикаға тән пікірлеу, ой қорытындысы дамытылады. Элеуметтік тұрмысты, қоғамдық қабаттардың ара қатынастарын, жеке адамның қоғамдағы әрі өмірдегі орны ақын шығармаларының негізін құрайды, «Кашан рәхатланадурсаң» өлеңіндегі:

Тоқымбетова Г. Бердақ ақынның өзіндік ізденістері.

Илми ғайыптан сөзлеме,
Мийнетсиз дүнья излеме.

Жанды отқа жағадурсаң [1], –

деген жолдарда халықтың «Еңбек тұбі рахат», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» [2] деген халық мақалының мазмұны сөүлеленген. Ақын халықтық дидактикағы бұл афоризмдерді тұра қолданбастан, оған әлеуметтік мағына береді. Бұл өлеңінде автор адамның өмірдегі орны, қоғамдағы орнын табуға, жеке тұлғаның адамгершілігі еңбегімен бақытқа жетісуге үндейді. Ақындар халық мақал-мәтелдерін тікелей қолданбай, оны лирикалық қаһарманнның көңіл толғаныстарынан өткериң, сол арқылы өз көзқарасын білдіріп отырады...

Сондай-ақ халықтық дидактикағы идеялардан рухани азық алған Бердақтың «Халық үшін», «Жақсырақ», «Қашан рахатланадурсаң» өлеңдерінің лирикалық қаһармандары бүтін халықты бақытқа жетелеудің, рухани әрі физикалық жақтан да кәмелетке жеткерудің нышаны адал еңбек деген идеяны алға ұсынады. Бұл идеялар Бердақтың «Жақсырақ», «Халық үшін» өлеңдерінде белайша суреттеледі:

Жұмыс исле тууылған соң ел ушын
Жаныңды аяма елде ер ушын,
Киндиңтен қан тамып туған жер ушын,
Өлип кеткениңше хызмет жақсырақ.

Тұргелип ертеден жұмысқа шығып,
Қолыңды қабартып белинди бутип,
Дизенди сызлатып мийнетин шегип,
Жеген бир зағараң палдан жақсырақ [3, 82-83].

Мийнет пенен жанды қыйнап,
Көрмей бир күн қонақ сыйласп,
Ишпей-жемей малды жыйнап
Қашан рәхәтланадурсаң [3, 88].

Бердақтың дидактикалық ой-пікірлерді ең бірінші кезекте өздері жасап тұрған орталықтың, конкрет тұрмыстың талаптарынан, өзгешеліктерінен келіп шығады. Осы ақындар жасаған XIX ғасырдың орталары және екінші жарымында Хиua хандығында саяси, қоғамдық тұрмыс тұрақты болмады. Халықтың басым көпшілігі кедейлікте күн кешірді. Сонымен бірге, ірі феодалдар материалдық байлықтың үлкен бөлігін өз қолдарына ұстады (жер, су, өндіріс құралдары, малдар, жайлайлар ж.т.б.). Нәтижеде үлкен әлеуметтік айырмашылықтар, осы негізде әлеуметтік әділетсіздіктер орын алды. Ирі жермүлік иелерінде, амалдарларда байлыққа көсіз ұмытылу, ашкөздік, әлеуметтік мәселелерге көңіл бөлмеу жағдайлары болып тұрды [4].

Бердақ өлеңдерінде мақал-мәтедер біріншіден, көркемдік дерек сипатында, екіншіден автордың халықшыл идеяларын сәулелендіруде маңызды орын атқарады.

Бердақтың лирикасында халық ауызекі шығармашылығындағы символикалық образдар қолданылады. «Гүл», «бұлбұл» символикалық образдарына Бердақ ақын жаңа мазмұн береді.

Гүл ашылып жайнамады,
Қазаным бир қайнамады.
Бұлбил еркин сайрамады
Жауды пәлектиң гәрдиши [4, 51] («Гәрдиши»).

Гүл болдым гүл жайнамадым,
Бұлбил болдым сайрамадым [4] («Болған емес»).

Шенгелге қонған бұлбілдин
Шымшық құрлым сәни болмас
Ышқысында қызыл гүлдин,
Сайраса дәрманы болмас

Күнлер өтер әрман менен,
Жұтиң ктер кәрүан менен,
Аты бұлбил болған менен,
Торғайдай дәўраны болмас

Бердимурат хақтың қулы,
Сахраның Сары бұлбили,
Бес күн мийман Адам улы,
Әрмансыз бир күни болмас [4, 47-48] («Бұлбіл»).

Халық ауызекі шығармашылығында «гүл» әрі «бұлбұл» символикалық образдарында ғашықтар образы беріледі. Ал Бердақ шығармаларында «бұлбұл» еркіндікті аңсайтын, еркіндікті жырлайтын ақын символы, ал гүл болса, ақын арман еткен жақсы дәурен, бақытты заман» [5, 52] образында беріледі.

Сондай-ақ автор лирикалық қаһарман аңсаған бақытты заманды «Жаз» символикалық образында да береді. Бұл «Жаз келер ме» өлеңінде өз сәулесін тапқан.

Дауыл болды, үргин урды,
Қосымның қамысын тұрди,
Думан басты аспан, жерди,
Пуқараға жаз келер ме?

Тоқымбетова Г. Бердақ ақынның өзіндік ізденістері.

Жанымды алды сыран сууық,
Суұықтан жарылды уұық...

Теңиз ашыны, суү сорлық дуз,
Қостың иши болып тур муз,
Қатты ғәзеп етип тур қыс,
Қыслар етип жаз келер ме? [6, 56-57]

Ақын өзі жасаған дәүір келбетін ашуда «дауыл», «үргин», «думан», «сууық», «қыс», «муз» атрибутикасын қолданады. Лирикалық қаһарманның бақытты заманға жетісү жөніндегі арзу-армандарына, жақты құндерге ерісуге сенімін беруде риторикалық сұрау формасы маңызды рөл атқарады. Шайыр шығармашылығы осындаи оптимисттік рухымен өз құндылығына, өзіндік ерекшелігіне ие.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Бердақ. Таңламалы шығармаларының жыйнағы. Некис: Қарақалпақстан, 1977. 120-б.
2. Қарақалпақ фольклоры. Көп томдық IV том. Қарақалпақ халық нақыл-мақаллары. Некис: Қарақалпақстан, 1978. 102 б.
3. Бердақ таңламалы шығармалары. Некис: Қарақалпақстан, 1987, 82-83-б.
4. Жәримбетов Қ. Бердақтың нәсиятлары - бизиң руүхý ғәзийнемиз. Некис: Руүхý мәденият ҳәм ағартыў орвый. 1998, 5-б.
5. Жәримбетов Қ. XIX әсир лирикасының жанрлық қәсийеттери ҳәм раүажланыў тарихы Некис, «Билим» 2004, 52-бет.
6. Бердақ. Таңламалы шығармалары. Некис: Қарақалпақстан, 1977, Б., 56-57.

РЕЗЮМЕ

*В этой статье дается научный анализ на личные особенности творчество великого каракалпакского акына (поэта) Бердака жившего в XIX веке.
(Тоқымбетова Г. Собственное соискание поэта Бердака)*

SUMMARY

*This article provides a scientific analysis on the personal characteristics of the works of the great bard Karakalpakstan (poet) Berdak who lived in nineteenth century.
(Tokymbetova G. Proper scientific of poet Berdak)*

ÖZET

*Makalede XIX asurdaki Karakalpakkıların büyük şairi Berdak'ın eserlerindeki özellikler ilmi açıdan incelenir.
(Tokymbetova G. Berdak şairin özel asayışları)*